

Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 тамыздағы N 697 қаулысына өзгерістер мен толықтыру енгізу туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 26 қараша N 1518

Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. "Қазақстан Республикасының "Аграрлық-өнеркәсіптік кешен салаларына кредит беру және мемлекеттік шараларды қаржыландыру туралы" В931900_ Заңын күшіне енгізу туралы" Қазақстан Республикасы Жоғарғы Кеңесінің қаулысын жүзеге асыру туралы" Қазақстан Республикасы Министрлер Кабинетінің 1993 жылғы 13 тамыздағы N 697 Р930697_ қаулысына (Қазақстан Республикасының ПҮКЖ-ы, 1993 ж., N 32, 372-құжат) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

1-тармақтағы "және жануарлардың аса қауіпті жұқпалы ауруларының" деген сөздер а л ы н ы п т а с т а л с ы н ;
көрсетілген қаулымен бекітілген Жаппай зиянкестердің, өсімдіктер

кеселдерінің және малдың аса қауіпті жұқпалы ауруларының тізбесі, оларды жою жөніндегі мемлекеттік бюджеттің есебінен қаржыландырылатын шараларда:

тақырыптағы "малдың аса қауіпті жұқпалы ауруларының" деген сөздер алынып тасталсын;

1-тармақтағы "тасбақа-қандала," деген сөздерден кейін "гессен шыбыны, астық қоңыздары, өрмекші кене, мақта көбелегі," деген сөздермен толықтырылсын;

2-тармақ алынып тасталсын.

2. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

Мамандар:

Багарова Ж.А.,

Жұманазарова А.Б.

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК